# Қопа орта мектебі оқушыларына қойылатын бірыңғай мектеп формасының үлгісі

( 2016-жылы 14-қаңтардағы №26-бұйрыққа сәйкес)






| | |
|---|---|
| **АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ<br>БАЙҒАНИН АУДАНЫ<br>ЕБЕЙТІ АУЫЛЫ<br>«ҚОПА ОРТА МЕКТЕБІ»<br>КОМУНАЛДЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ** | **АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ<br>БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОН<br>СЕЛО ЕБЕЙТИ<br>КОМУНАЛЬНОЕ<br>ГОСУДАРСТВЕННОЕ<br>УЧЕРЕЖДЕНИЕ<br>«КОПИНСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА»** |


| | |
|---|---|
| Ақтөбе облысы<br>Байғанин ауданы<br>030306 Ебейті ауылы<br>Жағалау көшесі,2 үй<br>Тел./факс: 8(713)45-73-338<br>kopaortam@mail.ru | Актюбинская область<br>Байганинский район<br>030306 село Ебейти<br>улица Жагалау , 2<br>Тел./факс: 8(713)45-73-338<br>kopaortam@mail.ru |


**«04» қыркүйек 2023 жыл**

**Бұйрық № 86/1**

**Мектеп формасы туралы**

ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрық басшылыққа ала отырып

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қопа орта мектебі бойынша мектеп формасы ата-аналар комитетімен келісе отырып мектепішілік жарғыға енгізілсін.
2. Мектеп формасына қатысты қойылатын талаптар бойынша ата- аналар және мұғалімдер арасында міндетті түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
3. Мектеп формасын бақылау, қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Б.Отароваға міндеттелсін.
4. Қосалқы көмекшілері әлеуметтік педагог Ж.Бисалиева мен мектеп тәлімгері Ә.Жетпіс болып бекітілсін.

**Мектеп директоры:** **А.Есболаев**

# АТА-АНАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН МЕКТЕПТІҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ.

## «Қопа орта мектебі» КММ

**Х.ата-аналардың құқықтары мен міндеттері. (заңды өкілдері).**
**Ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті:**
* өз балаларының тәрбиесіне, олардың жалпы білім алуына жауапкершілік алу және олардың жалпы орта білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасау, білім алушылардың сабакка катысуын үнемі бақылау;

* мектепке білім алушы туралы қажетті ақпаратты, оның денсаулық жағдайы туралы анықтаманы уақтылы ұсыну, осы күні баланың сабақта болмау себептері туралы хабарлау;

* мектепке барар жолда және үйге қайтар жолда баланың өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

* баланы табысты оқыту және тәрбиелеу үшін қажетті құралдармен, оның ішінде белгіленген спорт формасымен, ауысымдық аяқ киіммен қамтамасыз етуге жауапты болу;

* сынып және жалпы мектептік ата-аналар жиналысына қатысу, мектепке педагогтардың, әкімшіліктің шақыруымен келу;

* қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіпте білім алушылардың мектеп мүлкіне келтірген залалын өтеу;

* мектеп қызметкерлерінің еңбегі мен құқықтарын құрметтеу, олардың беделін сақтау;

* қолданыстағы заңнама нормаларын, жарғы және осы Ереже талаптарын орындау;

* бүлінген және жоғалған оқулықтар үшін оқушының ата-анасы материалдық жауапкершілікке тартылады немесе ауыстыруды қамтамасыз етеді;

* 1-сынып оқушылары мен МДҰ тәрбиеленушілерін, озық емес балаларға мекемеден баланы жеке беру және алып кету. (Қалыптасқан жағдайларға байланысты жағдайларда баланы ата-анасының (заңды өкілінің) қолхаты (өтініші) негізінде басқа адамдарға беруге рұқсат етіледі).

* баланы мектепке ұқыпты түрде, таза киіммен жіберу, ауыстыратын аяқ киімі, спорттық киімі, тарақ, орамал және т.б. болуы тиіс.

**Ата-аналардың (заңды өкілдердің) құқығы бар:**

– балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау;

– ҚР қолданыстағы заңнамасына және мектеп Жарғысына сәйкес мектепті басқаруға қатысу;

– мектеп Жарғысымен және білім беру үдерісін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құқық белгілейтін және нормативтік құжаттармен, оның ішінде осы Қағидалармен танысуға;

– білім беру процесінің барысымен және мазмұнымен танысу;

-Балаларының лөу жетістіктерімен танысуға;

– мектеп ұсынатын қосымша білім беру қызметтерінің түрлерін таңдауға;

– мектеп директорының атына жазылған өтінішке сәйкес (оқытушылардың келісімімен) сабақтарда және басқа да оқу және оқудан тыс іс-шараларға қатысуға;

– мектеп жарғысының және осы Ереже талаптарының орындалуын талап етуге.

Таныстым: ________________________________